

ИНДЕКС 74302
№ 2 (26)



ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ ВЕСТНИК JOURNAL DERGI ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ ВЕСТНИК JOURNAL DERGI ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ ВЕСТНИК

Сүлеймен Демирел атындағы университет СДУ ХАБАРШЫСЫ

- ▼ ТІЛ БІЛІМІ
- ▼ ӘДЕБИЕТТАНУ
- ▼ ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР
- ▼ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
- ▼ ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

СҮЛЕЙМЕН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ХАБАРШЫСЫ

№2 (26), 2013

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS – İÇİNDEKİLER

ТІЛ БІЛІМІ

Л.Б.Бегалиева. Ұлттық сана мен ұлттық таным негізінде қалыптасқан зат есімді синонимдер.....	4
Г.М.Бадагулова. Этнокультурная специфика языкового сознания в аспекте интернационализации и академической мобильности.....	10
А.Ж.Боранбаева. Қазіргі парсы тіліндегі кең қолданыстағы түркі кірме сөздері.....	21

ӘДЕБИЕТТАНУ

Б.Омарұлы. Мұрат Мөңкеұлы – айтыс ақыны.....	28
М.Төлебаева. XX ғасырдағы қазақ баспасөзіндегі кітап сыны мен жарнамасы.....	33
Ж.Смағұлов. Әлкей Марғұлан және манастану ілімінің мәселелері.....	40

ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Б. Ж. Расилов. Саяси жүйе теориясы және Қазақстан мемлекеттілігінің жаңару проблемасы	52
А.Мухамедов. Import of Kazakhstan.....	60
V.Fursov. Innovative potential in economic thinking of the contemporary specialist.....	66

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Е.Н.Амиргалиев, А.Нусипбеков, К.Латута, А.Богданчиков, Р. Сулиев. Групповой синтез в задачах распознавания образов.....	71
С.А. Мустафин. Анализ данных в задачах многопараметрической оптимизации.....	79
У.А. Тукеев Қазақша –орысша машиналық аудармасының морфологиялық талдау және синтездеу ерекшеліктері.....	83

ТІЛ БІЛІМІ

ӘОЖ 811.512.122' 373.421

Л.Б. Бегалиева
ф.ғ.к., доцент,
Халықаралық Бизнес Академиясы,
Алматы/ Қазақстан
E-mail: begalievna@mail.ru

Ұлттық сана мен ұлттық таным негізінде қалыптасқан зат есімді синонимдер

Андатпа

Синонимдердің пайда болуы ең алдымен, ұлт өкілдерінің таным-түсінігінің кеңеюімен түсіндіріледі. Бір ұғымға қатысты әр түрлі атаулардың болуы – сол ұғымның әр алуан бір-біріне жақын белгілерін, сипатты белгілерін ерекше танып, соған байланысты ат беру. Синонимдер өзге де жеке атаулар сияқты жеке сөз ретінде танылады, демек мұның толық жеке мағынасы бар сөз. Синонимдердің ішкі семантикалық мағынасын терең ашу біздің болашақтағы жұмыстарымыздың басты негізі болмақшы.

Кілт сөздер: абсолютті синонимдер, синонимдік қатар, ұя, ұғым, лексика-семантикалық жүйе, семантикалық мағына, денотат, таным.

Тіл – теңдессіз тарихи құбылыс. Сөз тарихына үңілген адамның алдынан сөз мағынасының талай қызық беттері ашылады. Бір сөз екінші сөзге сәулесін түсіріп, оның көптеген танымдық қырларын ашуға көмектеседі. Сөздің тереңіне сүңгіген адамның қайта қалқып бетіне шығуы мүмкін емес. Себебі тілдің терең қатпарлары, сан-салалы сипаты, ұлттық болмыс арқылы берілетін ерекшелігі, логикамен байланысы, санамен арақатынасы тіл зерттеушіні түпкі тамырға, тарихи текке қарай иірімге тартады. Ол иірім зерттеушінің тек тілді ғана емес, қарапайым адам туралы ілімге алып келеді. Бір-бірімен жалғасқан тылсым сырлар киелі қазақ сөзінің тамырының қайдан бастау алып жатқанын көруге ұмтылдырады. Синонимдерді құрылымдық тұрғыдан зерттеумен қатар енді танымдық, ұғымдық, мағыналық тұрғыдан саралаудың кезі келді деп ойлаймыз.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-семантикалық және морфологиялық құрылымын зерттеген ғалым Б. Қалиұлы өсімдік атауларының да синонимдік қатар құрайтындығын айтады. Зерттей отырып, өсімдіктер атауларының ерекшеліктеріне байланысты синонимдерді бірнеше түрге бөледі. Зерттеуші экспрессивті-стилистикалық синонимдерді синонимдер қатарына қоспайды. Синонимдердің екі түрі бар деп көрсетеді:

1) мағыналары сәйкес келетін абсолютті (толық) синонимдер, 2) мағыналары бір-біріне жақын қатыстық (толық емес) синонимдер [1, 112].

Қазақ тіл ғылымында синонимдердің барлық түрлерінің де рөлі ерекше болғанымен, өсімдік атауларына байланысты синонимдердің абсолютті түрі басты болып саналады. Өсімдік атауларын қарастыруда көптеген синонимдердің абсолютті түрде болатынын ғалым зерттейді. Мынадай синонимдес өсімдік атауларының бар екенін сөздіктерден де байқаймыз: алабота – қаработа, арпаған – қоңырбас – тарақшөп (костер кровельный), жасаң–қоянат–түбіртек (молодило), қалақай қышыма–қышытқан – шақпашөп – шыбынқуғыш (крапива), теміртікен– шөгіртікен –шошақтікен (якорцы), соршытыр– сорқаңбақ (поташник), шыңқетер–шытырлақ – жылауық (недотрога).

Бұл синонимдердің жасалуының барлығында да халықтық тіліміздің ізі жатыр. Мысалы, халқымызда “Шыбық тимей шыңқ етер” деген мақал бар. Бұл мақал басына таяқ тимей тұрып, алдын-ала мазасыздық танытатын адамдарға арналған. Ал енді *шыңқетер*, *шытырлақ* және *жылауық* деген аттары өсімдік атына да сәйкес келіп тұр. Бұл өсімдіктің үш атауының да мағыналық жақтан бір-біріне сай екендігі айқын байқалады. Халық өз қажетіне жарататын өсімдіктердің сыртқы түріне қарай, қасиетіне, қызметіне байланысты атау берген. Олар затқа бір ғана атау берумен шектелмеген, сонымен бірге олардың түрлі қадір-қасиетіне қарай атаулардың көптүрлілігі пайда болған.

Сондай атаулардың бірі қалақай өсімдігінің жанама атаулары. Қышыма, қышытқан – тиген жерін қышытатын болғандықтан, шақпашөп – тиген жерін шағып алатын болғандықтан, шындығына келгенде, шағып алмайды, өзінің уын төгетін шөп дуылдатып, ашыта бастайды, сол себептен шөптің ішкі қасиетін шағып алдыға балап, шақпашөп деп атайды. Шыбынқуғыш деп аталуы қалақайдың улы болғандығына байланысты. Қалақайдың осы қасиетіне байланысты жазды күндері ол өсіп тұрған жерге шыбын да келмейтіндігі сөзге атау болып қалыптасқан.

Профессор А. Б. Салқынбай: “Мағына арқылы зат не құбылыстың өзі емес, сол туралы халық қалыптастырған ұғым қабылданады. Табиғаттағы зат, құбылыстың адам танымында танылған және танылмаған белгілері мен қасиеті болады. Танылған белгілер мен қасиеттер арқылы ұғым қалыптасып, кейін бұл ұғым бірте-бірте дамиды, жетіледі. Ұғым дамуы арқылы сөз мағынасы да дамып, синонимдік, көпмағыналылық, антонимдік қатарлар қалыптасады”, – деген пікірі орынды [2, 58]. Ғалымның халықтық дүниетанымның, уақыттың, сондай-ақ танымның үшеуінің сөз мағынасының тууына әсер ететіндігін де сөз етуінің негізінде шындық жатыр.

Кез келген тілдердің тіл байлығының бір көрсеткіші, ғасырлар бойы қалыптасып, ұғымды түрлі атаумен атау үрдісі тілдің байлығының көрсеткіші, тіл сапасының белгісі болып танылады.

М. Қашқаридың еңбегіндегі түрік сөздерінің қызықты мағыналық таралымдарын қарап отырып, мынадай синонимдерге тап болдық: түркітанушы ғалым “бір тілім қауын” деген мағынаны білдіретін “бір пышым қағун”

тіркесіндегі пышым сөзін “кесті, пышты” мағынасындағы “пышты” сөзіне –м қосылып жасалған деген пікір айтады [3, 41].

Кес+кін, піш+ін, піш+ім, пош+ым сөздерінің мағыналары синонимдес. Олардың түбір күйінде тұрып та синонимдес болғаны ақиқат. Түрлі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы түрленіп, жаңа атаулардың туындағаны олардың түбірлік, сондай-ақ туындылық сипаттарын да өзгерте алмаған.

Бір қызығы, сол XI ғасырдың өзінде синонимдес болған сөздердің бүгінгі күнде де бірінің орнын бірі алмастырып отырғаны, тілдік дерек ретінде сақталғаны қандай ғанибет. Қазіргі қазақ тілі тұрғысынан қарап отырсақ та бұл сөздердің синонимдес және түпкі мағынасынан тарағанына ешқандай күмәнданбайтын едік. Бірақ, осы ойымызды дәлелдейтін дерек М. Қашқаридан табылып отыр. Сонымен бірге пышғыл жер деген тіркестің мағынасын аудармашы А. Егеубаев кепкен жарық жер деп біздің тіліміздегі ұғынықты қалпына келтіреді. Шындығында, кеуіп кеткен, жаңбыр (су) көрмеген жер қақ-қақ айрылып, тілім-тілім болып кететіні бар ғой. Міне бұл тіркесте де кесім, пішім мағыналарының көмескі болса да, барлығы айқын көрінеді. Бұл бұл мысалды келтірудегі мақсатымыз – сөз мағыналарының дамуының баланың әр қылығы секілді тосыннан, жаңаша ашылып, олардың бізді қызықтыра түсетіндігін айтумен қатар, мағыналардың денотаттық, сигнификаттық, коннотативтік қырларын көрсету болатын. *Пішін, пішім, пошым* сөздерінің фонетикалық өзгеріске түсіп, жаңа мән үстеу арқылы сәл айырмашылыққа ие синоним сөздер екені көрініп тұр. Ал *порым* сөзінің түп-төркіні орыстың форма сөзі болуы ықтимал. Қазақ тілі форма сөзін өзініңтілдік ішкі заңдылығына салып, тілдің сөздік құрамын толықтырып тұр.

Синонимдердің пайда болуы ең алдымен ұлт өкілдерінің таным-түсінігінің кенеюімен түсіндіріледі. Бір ұғымға қатысты әр түрлі атаулардың болуы – сол ұғымның әр алуан бір-біріне жақын белгілерін, қасиеттерін, сипатты белгілерін ерекше танып, соған байланысты есім немесе ат беру. Синонимдердің пайда болуының басты шарты да осы танымда қалыптасып танылған бір-біріне жақын, мәндес ұғымдарды белгілеу болып саналады. Синонимдер өзге де жеке атаулар сияқты жеке сөз ретінде танылады, демек мұның толық жеке мағынасы бар сөз. Синонимдердің ішкі семантикалық мағынасын терең ашу біздің болашақтағы жұмыстарымыздың басты негізі болмақшы.

Синонимдердің жасалу, қалыптасу жолында өзіндік ерекшеліктер болады. Бұл ерекшелік халықтың белгілі бір объект туралы түсінігімен, танымымен тығыз байланысты болып келеді. Мысалы, бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздер және түркі сөздері әсерінен сауда, базар, нарық синонимдік қатардың бөлшектенуі дифференциацияға әкеледі. Етістіктен болған зат есім *торг* абстрақтылы – алып-сату деген мағынамен қатар, “сауда орны” деген нақты мағынаны да білдіреді. ХҮІІІ ғасырда *торг* лексемасының орнына базар түркізмі келді. Осыған сәйкес бұрынғы қолданыстағы сөздің неміс тілінен енген рынок сөзіне байланысты семантикасы тарылды. Айтылғандарды ескере отырып, түркізмдердің көпшілігі орыс тілінің лексика-семантикалық жүйесіне

дәл, тар мағынада енеді, ал кейбір жағдайларда заттың, құбылыстың негізгі атауы ретінде кездеседі деп тұжырымдауға болады. Қазіргі ауызекі тілдік қолданыста сауда – базар, базар – нарықсөздері синоним ретінде жұмсала береді. Бұлардың жұмсалу сипаты бірдей емес. Экономикалық ғылыми әдебиеттерде *базар* және *нарық* сөздерінің мағыналық құрылымдары ерекше болып, дифференцияланып отырады. Экономикалық термин ретінде көбінесе нарық сөзі қолданысқа ие болған. “Сауда” сөзі арқылы бөлшек сауда, сауда-саттық, халықаралық сауда, саудагер, сауда жасау т.б. сияқты атаулар жасалып, қалыптасқан. Этнограф-ғалым Ә. Ахметов базар сөзінің табуға айналғанын, бұл сөзді базардағы сатушылардың ат тергеу салтымен сауда, қала деп атағанын мысалмен келтіреді [4, 41].

Халқымызда халық ұғымына әбден сіңген ұлттық салт-дәсүрімізге байланысты қыздың қалың малы – қырық жеті, құда болғанда берілетін тоғыз, апта атауы – бір жеті, мүшел жас – он екі т.б. сөздер бар. Бұл заттанған сандық мағыналы сөздер бұрынғы мағыналарын сақтай отырып, өзгеше атаулық мәнге ие болған. Мағыналардың дамып, жіктелуі арқылы ерекше сөздер тобы саналатын сандық мағыналы сөздердің өзін тіліміз ұлттық сипатқа бейімдеп, дамып, өмір сүруіне жағдай жасаған. Бұл ұлттық сананың, дәстүрдің сөз мағынасының кеңеюіне жола ашқаны деп түсінуге болады. Бұл сөздердің мағыналық дамуында халық шын мәнінде сөздердің дамуына жағдай жасайын деп ойламайды, тек сананың жетілуі біртіндеп, белгіл бір уақыт шеңберінде осыған алып келеді. Демек, қалың мал, қырық жеті сөздері синонимдік қатар құрайды.

Қазақ ұғымында бүкіл бір әулет тараған *үйді үлкен үй, шаңырақ, қара шаңырақ* деп атау дәстүрі бар. Бұл атаулардың этнолингвистикалық сипаты тілдің терең қатпарларынан орын алады. *Шаңырақ, қара шаңырақ* деген атау тек қазақ ұлтына ғана тән атау. Мұндағы үйдің *шаңырақ* аталуы бүтіннің бір бөлшегінің үй ұғымына атау болып таңылуын қазіргі тіл білімінде синекдоха деп атайды. Этнолингвистикалық синекдоха қазақ ұғымындағы шаңырақтың өте киелі екендігін айғақтап тұрған секілді. *Шаңырақ* сөзі қазақ жүрегіне жылы ұялайды. Шаңырақ киіз үйдің ең ортаңғы әрі үйді биіктетіп, олардың бүкіл уық, керегелерінің басын құрастырып тұрушы құрал ретінде аса жоғары бағаланады. Сол себепті де *шаңырақ* сөзі бүтін бір үй ұғымын негіздейді. Қазақта шаңыраққа қатысты *шаңырағың биік болсын, шаңырақты ортаға түсіру, шаңырағын шайқалту, қара шаңырақ, шаңырақ иесі* секілді этнотанымнан туған этнофразеологизмдер кездеседі. Соның ішінде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған қара шаңырақ синонимінің берер ұғымы ерекше. Бұл ұғым ата-баба мен әке-шешеден мұра болып қалған ескі шаңырақ, үлкен үй деген мағынаны береді. Қазақ ұғымындағы қара сөзінің мағынасының тереңде жатқанын осы ұғымнан аңғаруға болады.

Заттық ұғымдардың ұғымдық мәнін халықтың материалдық мәдениетіне терең үңілгенде ғана анықтауға, ашуға болады. Адамзат баласының сана-сезімінің пайда болуының алғашқы сатыларында, айналаға көз тастап, ұшы қиыры жоқ ойларын зат арқылы көрсеткен. Заттарға әралуан ұғым беруі

санасында бейнеленетін ұғымдық ұяға жинақталып, синонимдік ұяның қалыптасуына алып келеді.

Қазақ тілінде зат атауларының алар орны өзінше ерекшеленеді. Ұлттық тіліміз өзінің материалдық байлығы мен рухани байлығының нәтижесін тіл арқылы бейнелеген. Осының нәтижесінде зат атауының негізінде терең мағыналық желі арқылы тіліміздің өлмес, өшпес, мәңгілік атаулар пайда болды. Бұлай деуіміздің басты себебі – заттық ұғымды білдіретін сөздердің өн бойын мағына жалғастырып жатыр деген ойдан туып отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, зат есімді синонимдердің жасалу қырларында да ұғымдық мағынаның қызметін ерекше деп тани аламыз. Халықтық дүниетанымды, ұлттық болмыс-бітімді анықтауға мүмкіндік беретін мұндай тілдік бірліктер қазақтың сөзді талғап, таңдап қолдана білетіндігінің айғағы. Тіліміздегі діни наным-сенім, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан тілдік бірліктер тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар баяғы замандардан бергі барша рухани өміріміздің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттауда рөлі зор.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Калиев Б. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.
2. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
3. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 190 б.
4. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 176 б.
5. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
6. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 349 б.

Резюме

В статье излагается пути объяснения и репрезентации синонимов на основе национальной картины мира носителей языка.

Summary

This article considers the ways of synonyms explanation and representation on the basis of national worldview of native speakers.

Özet

Bu makalede dilcilerin milli görüşleri esas alınarak esanlamlı kelimelerin semantile anlamları hakkında bahsedilmektedir.